



БЕКІТЕМІН  
«№66 мектеп-лицей» КММ директоры  
Н.М. Мисюрина  
20 25 ж.

## «Мейірім» аналар кеңесінің ережесі

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже Қарағанды қаласындағы №66 мектеп-лицейі жанынан құрылған «Мейірім» аналар кеңесінің (бұдан әрі – Кеңес) құрылымын, мақсат-міндеттерін және қызметін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.
- 1.2. Кеңес – мектеп, отбасы және оқушы арасындағы байланысты нығайту, отбасы құндылықтарын дәріптеу, аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру мақсатында құрылған қоғамдық ұйым.
- 1.3. Кеңес мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшілерімен және ата-аналар комитетімен тығыз байланыста жұмыс істейді.
- 1.4. Кеңестің жұмысы еріктілік, қоғамдық белсенділік және ұжымдық басқару қағидаттарына негізделеді.

### 2. Кеңестің мақсаты мен міндеттері

#### 2.1. Мақсаты:

Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және нығайту, аналардың бала тәрбиесіндегі белсенді рөлін арттыру, мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестікті дамыту.

#### 2.2. Міндеттері:

- Аналардың тәрбиелік әлеуетін арттыру;
- Балалардың моральдық, мәдени және рухани дамуына ықпал ету;
- Ұлттық салт-дәстүрлер мен құндылықтарды насихаттау;
- Үлгілі аналардың тәжірибесін тарату;
- Мектептің тәрбиелік және мәдени шараларына қолдау көрсету;
- Ата-аналардың бастамаларын дамыту және қоғамға белсенді араласуын қамтамасыз ету.

### 3. Кеңестің құрылымы және қызметін ұйымдастыру

- 3.1. Кеңес құрамына мектеп оқушыларының аналары, әжелері және ерікті қамқоршы әйелдер кіре алады.
- 3.2. Кеңес мүшелері жалпы жиналыста Кеңес төрайымын және хатшысын сайлайды.
- 3.3. Кеңестің жұмысын мектеп директоры немесе тәрбие ісі жөніндегі орынбасары үйлестіреді.
- 3.4. Кеңес отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда қосымша жиналыстар ұйымдастырылады.

3.5. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады және мектептің қолдауымен жүзеге асырылады.

#### 4. Кеңестің негізгі қызмет бағыттары

- **Тәрбиелік бағыт:**  
Қыз бала тәрбиесі, инабаттылық, ата-анаға құрмет, әйелдің отбасындағы рөлі тақырыптарында кездесулер, тренингтер, шеберлік сабақтарын ұйымдастыру.
- **Білім беру бағыты:**  
Аналармен бірлескен ашық сабақтар, сұхбаттар, кітап оқу клубтары мен лекциялар өткізу.
- **Мәдени-әлеуметтік бағыт:**  
Мерекелік іс-шаралар, қолданбалы өнер көрмелері, қайырымдылық акциялар ұйымдастыру, ұлттық құндылықтарға арналған шараларға қатысу.
- **Қоғамдық байланыс:**  
Әлеуметтік желілерде бейнероликтер мен челленджер өткізу («Менің анам – менің қаһарманым», «Алтын жүректі ана» және т.б.).
- **Жобалық жұмыс:**  
Ата-аналар мәдениетін арттыруға, қоғамдық ұйымдармен және БАҚ-пен серіктестікке бағытталған жобаларды жүзеге асыру.

#### 5. Кеңестің құқықтары мен міндеттері

##### 5.1. Кеңес құқылы:

- Мектептегі тәрбие жұмысына қатысуға және ұсыныстар енгізуге;
- Ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту бойынша шаралар ұсынуға;
- Өз бастамасымен іс-шаралар ұйымдастыруға;
- Қоғамдық ұйымдармен, БАҚ-пен және мәдени мекемелермен бірлесіп жұмыс істеуге.

##### 5.2. Кеңес мүшелерінің міндеттері:

- Өз балаларына өнеге болу, үлгілі мінез-құлық көрсету;
- Мектеп пен Кеңес қызметіне белсене қатысу;
- Ұлттық және отбасылық құндылықтарды сақтау және насихаттау;
- Мектеп қауымдастығымен сыпайы және мәдениетті қарым-қатынас орнату.